

Бекеева Нұрайша Жүсіпқызының 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша (PhD) Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемесі».

Зерттеудің мақсаты: Тілді оқыту үдерісінде болашақ маманның кәсіби-интеллектуалдық, кәсіби-мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын қарым-қатынас дағдысын дамытудың теориялық негіздерін айқындай отырып, оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың зерттелу кезеңдерін талдау арқылы теориялық-әдіснамалық және практикалық алғышарттарын негіздеу;

2. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдарын айқындау;

3. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде рухани бай кәсіби тұлға моделін жасау;

4. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде қолданылатын жаңа әмбебап технологияны ғылыми негіздеу, олардың тиімділігін тәжірибе арқылы дәлелдеу;

5. Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдерін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеу әдістері: Зерттеу проблемасына сай кәсіби маман іс-әрекетінің табиғаты мен мақсатын ашатын теория мен практиканың тұтастығы туралы әдіснамалық ұстанымдар мен теориялар, маңызды философиялық қағидалар құрайды. Философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді жинақтау, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары мен нәтижесінің сипаттамасы:

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда студенттің мотивациясын тудыру көзделеді. Қазақ тілін оқытуда студенттің кәсіби-тілдік қатысымдық құзіреттілігі, іскерлігі, белсенділігі, сыни көзқарас қалыптастыруы, шығармашылығының негізгі факторы – оның сұранысын қанағаттандыратын оқу-танымдық уәждемесі, өзіндік саналы шешімі мен сенімі;

- Тілдік тұлғаның концептілік өрісінде лингвоелтанымдық материалдар маңызы зор. Бай фразеологизмдер қоры, белгілі тұлғалар мұралары ұлттық танымдық, рухани байлықты танытуға оң әсер етеді;

- Студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда интернет платформаларды қолдану және электронды тілдік портфель болашақ маманға курс жұмысын жүйелі жүргізуге көмектеседі, рефлексия жасау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады;

- Курс тапсырмалары студенттің тілді дамытуы ғана емес, тіл білу көрсеткіші болғандықтан, түрлі дидактикалық тапсырмалар мен жаттығулар болашақ кәсіби маманның болашақ кәсіби қызметінде қолданымдылық сипатқа негізделуі тілдесімге шығуда пайдасын тигізеді;

- Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда жағдаяттық сөйлеу жаттығуларын қолданған тиімді;

- Оқу үдерісін онлайн және офлайн форматта ұйымдастыруда студенттерге бәсекелестік тудыратын орта құруда жеке жетістіктері маңызды. Бұл студенттің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сол арқылы интерактивті әдістерді тиімді ұйымдастыру командалық- іскерлік қатынастарды жақсартта түседі;

- Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту сабақтарын желілік интерактивтік технологияға негіздей жүргізу, онлайн, виртуалды тілдік орта тудырады. Бұл технология белсенді тілдік қатынас жасауға, уақыт мөлшерін бірнеше есеге үнемдеуге, бақылау мен тексеруде объективтілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

Бірінші кезең (2016-2017) зерттеу тақырыбына байланысты эмприкалық материалдар жинақталып, педагогикалық, психологиялық еңбектердегі, әдіскер-ғалымдардың ой-пікірлері жүйеленді, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың маңызды мәселелерін айқындау мақсатында профессор-оқытушылардан, курс студенттерінен сауалнамалық сұрақтарға жауаптар алынды, бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдарға талдау жасалды.

Екінші кезең (2017-2019) зерттеу жұмысында негізге алынатын жетекші идеялар, ұстанымдар айқындалып, қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту моделі жасалды. Оқытушыларға арналған семинарлар, ЖОО-да жүргізілетін арнайы «Іскерлік қазақ тілі», «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» курстары арнайы 3 кредиттік пән ретінде дамытылды. Осы курстар аясында әдістемелік-оқу кешендері жасалды. Аталған курстар бойынша оқыту бағдарламалары, интерактивті желілік технология негізінде тапсырма түрлері бақылау, бағалау тестері, СӨЖ технологиясын жүргізу әдістемесі дайындалып, республикалық конференция, семинар, дөңгелек үстөлдерде сынақтан өтті.

Үшінші кезең (2019-2022) зерттеу нәтижелерін жүйелеу, жинақтау, қорытындылау жұмыстары жүргізілді. Олайн және офлайн оқыту форматындағы оқыту эксперименті интерактивті желілік технологияға негізделді, сандық нәтижелері анықталып, сапалық талдау жасалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

- *Бірінші нәтиженің жаңалығы* студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын жетілдіруге арналған кәсіби-іскери тілдік тұлға деңгейіне сай ғылыми-әдістемелік жүйе жасалды.

- *Екінші нәтиженің жаңалығы* кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуда қолданылатын тілдесімдік тақырыптар мен сөйлеу тапсырмаларының жағдаяттық-қатысымдық бағдары әлемдік деңгейде сынақтан өткен материалдар негізінде анықталды;

- *Үшінші нәтиженің жаңалығы* тілді оқытуда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде Абайдың «толық адам» концептісі және Конфуцийдің «ізгілікті кісі» ілімдері бойынша және ұлттық құндылықтар мен фразеологиялық тіркестерді іскерлік дискурстағы қолданымдылығы негізінде *рухани бай кәсіби тұлға* моделі жасалды;

- *Төртінші нәтиженің жаңалығы* қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту әдістемесінде жаңа заманға лайықталған онлайн оқыту және офлайн оқытуда қолданылатын *интерактивті желілік технология* атты жаңа әмбебап технология ұсынылды.

Алынған нәтижелердің ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Зерттеудің негізгі идеясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес ҚР Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы № 746 қаулысы «Білімді ұлт» сапалы білім» беру ұлттық жобасы бойынша білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру міндеттеріне, ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау:

Диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды. 3 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала халықаралық ғылыми конференция жинағында, 1 мақала шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

1. Sequence of telephone openings in the workplaces in a Kazakh community// Opcion, Año 35 . – Volume 19. Venezuela, 2019. – pp. 332-361. (Bekeyeva N 70%), (Co-authors: Kucherbayeva D., Orazbayeva F., Suleimenova Zh 30%). Мақалада салыстырмалы сапалы зерттеу әдістері арқылы қазақ тілінде телефон арқылы сөйлесудің іскерлік дискурстағы сипаты және тұрмыстық мәселедегі түрлері қарастырылады.

2. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis// International Journal of Society, Culture & Language. – Volume 9 (2). Iran, 2021. – pp. 29-40. (Bekeyeva N 70%) (Bissengali A., Nurdauletova., B, Mankeyeva Zh-30%). Мақалада түркі тілдеріндегі фразалық тіркестерге салыстырмалы талдау жасалып, іскерлік дискурста қолданылатын қазақ

тіліндегі фразеологизмдер рөлінің рухани бай кәсіби тұлға дайындаудағы рөлі талданады.

3. Speech Interference Generated by Proverbs and Phraseological Units of the Russian and Chinese Languages //International Journal of Society, Culture & Language. – Volume9 (2). Iran, 2021. – pp. 29-40. (Bekeyeva N 30%) (Co-authors: Eskalieva A., Akbembetova G., Bekkozhanova N., Shengelbayeva T., Askarova S 30%). Мақалада мақал-мәтелдер мен фразеологиялық бірліктерді қолдану сөйлеуде табиғи және көркемдік жағынан байыту рөлі, әңгімелесушілер арасында эмоционалдық байланыс орнатуға ықпалы мен интерференция мәселесі зерттелген.

4. Кәсіби тілдік дағды қалыптастырудағы бейнематериалдарды пайдаланудың белсенділік пен уәждеме тудыру әсері мен интеграциялылығы// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ. – «Филология ғылымдарының» сериясы. – Алматы: 2017. – № 4 (62), - 245-250б. (Бекеева Н.Ж 100%). Мақалада студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытуда бейнематериалды қолданудың әмбебаптылық қасиеті ғылыми тұрғыда негізделеді.

5. Қазақ тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде оқыту және лингвоелтаным бағыты// Әль Фараби ҚҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы: 2018.– №3(171), - 192-197б. (Бекеева Н.Ж 80%), (Оразбаева Ф.Ш 20%). Мақалада рухани бай кәсіби тұлға моделін жасаудағы лингвоелтанымдық материалдардың рөлі талданады.

6. Қазақ тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ. – «Филология ғылымдарының» сериясы. – Алматы: 2019. – № 4 (70), - Б. 420-427. (Бекеева Н.Ж 100%). Мақалада студенттердің коммуникативтік дағдысын дамытудың маңызы мен мәні зерттелді.

7. Абай және Конфуций мұраларындағы ортақ сыншылдық көзқарасты болашақ маман дайындауда пайдалану маңыздылығы//5th International Congress on Social Sciences, China to Adriatic. Congress book of full texts. Japan, Tokyo:18-25 September 2017. –P.146-151.(Бекеева Н.Ж 80%), (Түндікбаева Б 20%). Мақалада Абай және Конфуций мұраларындағы ортақ сыншылық үндестік мысалдары болашақ рухани бай кәсіби маман тәрбиелеу мәселесі нақты мысалдар арқылы ұсынылады.

8. Болашақ маманның презентациялар жасау дағдысын дамыту//«Рухани жаңғыру бағдарламасы және Астананың 20 жылдығы аясында Қазіргі интеграциялық үдерістер және тіл мәртебесін арттыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. ЕҰУ, 8-10 қараша, –Астана, 2018. - Б.157-161. (Бекеева Н. 100%). Мақалада болашақ мамандардың презентациялар жасау дағдысын қалыптастырудың эксперименттік қорытындысы шетелдік ғалымдар теориясымен салыстырыла ұсынылып, ғылыми негізделеді.